Работу финансиста можно назвать нелегкой. Он занимается крупными суммами денег, значит должен обладать высоким уровнем честности, ведь – деньги великое искушение. Представитель финансовой системы должен быть внимательным, должен хорошо быть знаком с экономической ситуацией в стране, разбираться в законодательстве, уметь анализировать поступающую информацию, он должен обладать стратегическим мышлением, любить цифры. Минусом этой профессии есть то, что спрос на специалистов данного профиля нестабилен и полностью зависит от экономической ситуации в стране. Если денег у компаний нет, то и распоряжаться финансисту нечем, а посему нет в нём потребности. Но спектр компаний и отраслей, где может применить себя специалист, достаточно широк, поэтому можно будет в любом случае найти где-нибудь вакантное место – в банке, на бирже, в страховой или инвестиционной компании, налоговых комитетах и не только. Финансисты востребованы везде, где нужно контролировать приход и расход денежных средств. Представитель данной профессии распоряжается не малыми деньгами, поэтому он должен заранее просчитывать каждый свой шаг, ведь любая ошибка, которую допустил работник финансовой сферы, может привести к серьёзным денежным потерям. В результате некомпетентности одного человека, пострадает фирма, предприятие, государство, работники и их семьи.

Поэтому финансист должен получить экономическое образование, а именно финансовое. В этой связи вам поможет кафедра «Финансы» Высшей школы Экономики и бизнеса Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Кафедра «Финансы и аудит» была образована в апреле 2001 г. с целью подготовки специалистов с высшим образованиям соответствующим международным стандартам по двум специальностям: «Финансы и кредит» и «Бухгалтерский учет и аудит». Заведующей кафедрой была назначена кандидат экономических наук, доцент Б.Ж. Ермекбаева С 1 сентября 2004 г. от кафедры отделилась кафедра «Бухгалтерский учет и аудит» и кафедра «Финансы» начала свою работу самостоятельно. Кафедра «Финансы» является выпускающей кафедрой, которая готовит специалистов с высшим образованием для работы в банковских, налоговых системах, страховых компаниях и различных хозяйствующих субъектах. Учебный процесс кафедра сроит на основе органичного сочетания богатых традиций отечественной высшей школы и передового зарубежного опыта. В результате студенты получают возможность знакомиться с новейшими достижениями мировой экономической мысли в области финансов и банковского дела. Первые выпускники уже работают в банках, фирмах и компаниях, преподают в вузах. Кафедра является членом ассоциации финансистов Казахстана. 2009 г. кафедра «Финансы» стала победителем номинации «За внедрение инновационных технологий в образовательный

процесс», по итогам конкурса, среди всех кафедр Казахского национального университета имени аль-Фараби.

На кафедре практикуются регулярные встречи с работниками финансово-кредитной сферы с целью согласования учебного плана, учебных программ, перечень спецкурсов, тематику исследовательских работ. Организуются регулярные встречи с руководителями финансовых органов и коммерческих банков, поводятся встречи с председателем Национального Банка РК. На основе долгосрочного договора по сотрудничеству выпускники кафедры «Финансы» трудоустраиваются в налоговой сфере, банках второго уровня, в различных компаниях и фирмах, в том числе в Национальном Банке, Налоговом Комитете по г. Алматы, АО ФРП «Даму», Народном Банке, Банке Туран Алем, Банке Центр Кредит, АТФБанке, Каз-коммерцбанке. Наши выпускники идут работать финансистами, налоговыми инспекторами, бухгалтерами, помощниками экономистов, в разные сферы нашей экономики, зарабатывая, таким образом, бесценный опыт, «набивая» руку. К тому же, особенно в бизнес – структурах можно сделать карьеру – дорасти до финансового директора. Это управленческая должность, в процессе исполнения обязанностей которой, финансовому директору придется решать не только финансовые вопросы, но и выполнять административные обязанности. В его ведение предоставляется финансовый отдел, который решает многие задачи – ценообразование, маркетинг, управление активами, налоговое планирование, бухгалтерская отчетность, страхование, управление недвижимостью. Финансовый отдел тесно сотрудничает с такими отделами, как бухгалтерия, отдел планирования, маркетинговый отдел, и такими заведениями, как инвестиционные компании, банки.



А также 15 ноября – День национальной валюты РК и профессиональный праздник работников финансовой системы страны, а также день встречи выпускников нашей кафедры. В этот день в 1993 году впервые была введена национальная валюта Республики Казахстан – тенге.

**Г.Қ. ҚАЗЫБЕК,**
**филология, әдебиеттану және**
**әлем тілдері факультетінің деканы,**
**ф.ғ.к, асс.профессор**

# ДӘСТҮРІ БАЙ, ДАҢҚЫ ЗОР ҰЖЫМ

Факультетіміздің **қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының** арғы-бергі шежіресін сөз еткенде бүкіл қазақ әдебиетінің өткен ғасырдағы атақты тұлғаларын, заңғар ақын-жазушыларын ескермеуге болмайды. Университетіміз құрылғаннан кейін 6 жыл өткенде жазушы, ғұлама ғалым, қазақ халқының біртуар асыл азаматы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің бастамасымен және тікелей қадағалауымен 1940 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін кафедра ашылған. Ал кафедраның тұңғыш меңгерушісі болып (1940-1975 ж.) филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Кенжебаев қызмет атқарған. Осы кезеңде «Қазақ әдебиетінің тарихы» кафедрасы жұмысының жетілуіне, бүкілодақтық деңгейіне танылып, іргелі зерттеулер жүргізуіне академиктер Ә. Марғұлан мен З. Ахметов, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, профессор Е. Ысмайылов, профессорлар Т. Нұртазин мен М. Ғабдуллиннің еңбектері елеулі. Дәл осы ғылыми ізденістер мен ұстаздық ұлағатты одан әрі дамытуда академиктер З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, профессорлар Т. Кәкішұлы, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаева, Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдезұлы сынды ұстаздарымыз қыруар жұмыс атқарды.



Кафедра өз тарихында екі мәрте құрылымдық өзгерістерді бастан кешірді. 1990 жылы «Қазақ әдебиеті» кафедрасынан «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасы бөлініп шықты. Ал 2000 жылы екі кафедра қайта бірікті. Сөйте тұра 2001 жылы кафедра «Қазақ әдебиеті» және «Әдебиет теориясы» болып қайта құрылды. 1975-2000 жылдар аралығында кафедраға академик З. Қабдолов жетекшілік етсе, «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасын 1991-2001 жылдары ҚР Жоғары мектебі ҒА академигі, профессор Т. Кәкішұлы басқарды.

Жалпы 1940 жылдан 2012 жылға дейін кафедра меңгерушісі болып ғалым-педагогтар профессор Б. Кенжебаев, доцент М. Сармурзина, профессор Б. Шалаба-

ев, академик З. Қабдолов, профессор Т. Кәкішұлы, профессор Ж. Дәдебаев, профессор З. Бисенғали, профессор Б. Майтанов, профессор Ө. Әбдиманұлы қызмет атқарды. Қазіргі уақытта кафедраға профессор Алуа Темірболат жетекшілік етеді.

Кафедра құрамында қазіргі уақытта барша қазақ халқына, еліміздің жоғары оқу орындарына, жалпы әдебиетші қауымға есімі кеңінен таныс, ҚР Жоғары мектебі ҒА академигі Т. Кәкішұлы бастап, профессорлар Қ. Әбдезұлы, З. Бисенғали, Ө. Әбдиманұлы, З. Сейітжан, Ж. Тілепов, Қ. Мәдібай, А. Темірболат, А. Абдулина, әдебиеттану ғылымында іргелі зерттеулер жасап жүрген доценттер К. Ахмет, М. Үмбетаев, А. Бұлдыбай, Р. Әбдіқұлова, Н. Сағындық, С. Қалқабаева, С. Дәрібаев, А. Жүсіпова, Г. Болатова, Л. Мекебаева, сондай-ақ аға оқытушылар Ш. Шортанбаев, П. Бисенбаев, жас оқытушылар А. Оспанова мен Н. Түсіпхан, лаборанттар А. Саргелтаева мен Ж. Смайлова қызмет атқарады.

2011 жылы университеттің ғылыми зерттеу бағытына байланысты кафедралар біріктіріліп, «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» деп өзгертілді.

Кафедра – қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің және ғылыми кадрлар дайындаудың Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы көшбасшы орталық. Республика көлемі бойынша әдебиет тарихын, әдебиет сынының тарихы мен теориясын, әдебиеттану ғылымы салаларын зерделеу, оқыту мәселелерінің бәріне де әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» кафедрасы аса маңызды рөл атқарады.

Қазақ әдебиетінің тарихын және әдебиет теориясын, әдебиет сынының тарихын зерттейтін элективтік курстар осы мәселелерді тереңдете зерделеудің нысаны ретінде арнайы алынып отыр. Бұл курстардың барлығының да методологиялық негіздері нақтыланған, оқу-әдістемелік кешендері жасалынған. Арнаулы пәндер ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі әдебиет тарихы кезеңдерін, әдебиеттану негіздерін толық қамтиды.

Кафедрада сапа менеджментінің жүйесі қызмет атқарады. Білім беру қызметінің ұсынылған сапасына ішкі тұтынушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін жыл сайын студенттерге және қызметкерлерге сауалнама жүргізіледі. Оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына іштей кафедралық бақылау жүргізіледі.

«Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» кафедрасы шетелдік университеттермен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Кафедра ұстаздары әр жылдары әлемнің түрлі ЖОО-да дәріс оқып, тәжірибе алмасу дәстүрін жалғастырса, дәл осы ұжымның ұйымдастыруымен, тікелей шақыртуымен АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Польша, Австрия, Түркия, Ресей және Қытай мемлекеттерінен әдебиетші ғалымдар келіп, студенттерге сабақ өткізеді.

Кафедрада «Әдеби жүздесулер», «Түлек», «Шешендік өнер» сынды ғылыми-студенттік үйірмелер мен «М. Әуезов бірлестігі», «Ай ару» және «Жәдігер» орталықтары жұмыс істейді. Сонымен қатар университет көлемінде ұйымдастырылатын «100 кітап», «Жасыл ел», «Айналаңды нұрландыр» сияқты бағдарламалардың бәріне де өте жоғары деңгейде атсалысады.

Күні бүгінге дейін **«Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы»** кафедрасы республика көлемі бойынша әдеби орталықтардың бәрімен де тығыз байланыста. Тіпті, дәл осы кафедрада қызмет атқаратын ғалымдардың оқу құралдары, монографиялары өзге де ЖОО студенттеріне тұрақты түрде оқытылып келеді. Бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуетін арттыратын және факультетіміздің «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» кафедрасы ұжымының атақ-абыройын асқақтататын абыройлы еңбек деп білеміз. Қазақстанның тәуелсіздігі мен қазақ елінің бақыты үшін, қазақ әдебиетінің ертеңі үшін атқарар қызметтеріңіз мәңгілік болсын деп тілейміз!

*Әл-фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылына арналады*

# БІЛІКТІ ЖӘНЕ БІЛІМДІ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ



**Шеденов Өтеғали Қадырғалиұлы**
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың профессоры,
экономика ғылымдарының докторы,
академик, «Құрмет»
орденінің иегері

Тиімді экономика мен демократия құндылықтары секілді дүниелер ұлттық келісім, бірлік пен тұрақтылық формуласымен біте қайнасып, сәтті даму үстіндегі Қазақстан бүгінгі күні тұрақты және үдемелі өсіп жатқан экономикасымен, әлемдегі беделімен және тәуелсіздіктің 22 жылында қол жеткізген жетістіктерімен мақтана алатын ел деңгейіне көтеріліп отыр. Қарқынды дамып келе жатқан бүгінгі Қазақстанды 22 жыл бұрын болған елмен салыстыру әлдеқайда қиын. Егер осыдан 20 жыл бұрын Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ 700 долларды ғана құраса, 2012 жылы ол 12 мың долларға дейін өсті. Алдағы бес жылда бұл көрсеткіштің 18,5 мың долларға дейін өсуі болжанып отыр. Қазақстан жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша ТМД елдері ішінде көш бастаушыға айналды. Әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына ену міндетін қойған еліміз 2012 жылдың қорытындылары бойынша бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингінде 51-орыннан көрінді. Бұл, әрине, мемлекетіміздің мәртебесінің асқақтап келе жатқандығының бірден бір айғағы. Ал Елбасы басшылығымен қабылданған жаңа «Қазақстан – 2050» стратегиясы әлемнің дамыған 30 елінің санатына қосылу межесін белгіледі.

Әр қазақстандықтың, бүкіл Қазақстанның өркендеуінің басты әл-ауқат көзі ретінде елбасының бастамасымен бүгінгі Қазақстан өзінің 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасын қалыптастырып алды. «Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу» шеңберінде кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру мақсатында «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы, сол сияқты «Бизнестің жол картасы 2020» және т.б. бағдарламалар қабылданып, іске асырылып келеді.

Десек те, осы бағдарламалардың болашақта еліміздің экономикасында оң көрсеткіштерді көрсетуі бүгінгі білімді жастар негізінде жүзеге асырылады. Себебі бүгінгі жас студент елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды іске асыратын болашақ маман. Сондықтан қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру қоғамдық мәні үлкен мәселе болып табылады.

Осыған байланысты, еліміздің әртүрлі салаларға бағытталған білімі мен ғылымын дамытуда, осы салада жаңа инновациялық жаңалықтар енгізуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 80 жыл ішінде қомақты табыстарға жетіп келе жатқанын айтқымыз келеді. Университет тарихы ел экономикасының дамуымен және мемлекетіміздің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Университет білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылыми, руханитәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізіне ие. Университет құрамында бүгінде 14 факультет қызмет атқарады. Солардың бірі әрі ел экономикасының дамуына атсалысатын білікті мамандар даярлайтын бірегей факультет – Экономика және бизнес жоғары мектебі. Атаулы жоғары мектептің түлектері бүгінде еліміздің белгілі тұлғалары атануда. Олар: ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Нәзікен Алпамысқызы; ҚР Парламент мәжілісінің депутаты Кенжағали Сағадиев; ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев сынды басқа да көптеген белгілі тұлғалар.

Экономика және бизнес жоғары мектебі – әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің байырғы бөлімшелерінің бірі. Университеттің экономикалық факультеті 1949 жылы Қазақстандағы жоғары білімді экономист мамандарды даярлайтын ең алғашқы факультет болып ашылды. Жоғары мектептің құрылымы мамандар даярлау деңгейін арттыру және бітіруші кафедралар құру мақсатымен бірнеше рет өзгерістерге ұшырады.

1997 жылы экономика және заң факультеттерінің негіздерінде құрылған Экономика және құқық институты 2001 жылы қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми Кеңесінің шешімімен екі факультетке: заң және экономика бизнес факультетіне бөлінді.

2010 жылдың маусым айында өткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен экономика және бизнес факультеті экономика және бизнес жоғары мектебі болып аталды. Құрылымы бойынша экономика және бизнес жоғары мектебінде мамандандырылған 4 кафедра жұмыс істейді: «Экономика» кафедрасы; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы; «Қаржы» кафедрасы; «Есеп және аудит» кафедрасы.

Қазіргі таңда Экономика және бизнес жоғары мектебінде жоғары мамандандырылған профессор-оқытушылар құрамы қызмет етеді. 30-ға жуық ғылым докторы, 60-қа жуық ғылым кандидаты, 10-нан аса Ph.D, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің білім беру, санат жетілдіру мақсатында құрылған халықаралық стипендиялық «Болашақ» бағдарламасының 10-нан аса түлегі қызмет етеді. Жалпы 3000-нан астам студент дәріс алады, олардың 2800-ден астамы күндізгі бөлімде оқиды. Сонымен қатар экономика және бизнес жоғары мектебі мамандарды қысқартылған курс бойынша жоғары және орта кәсіптік білім беру базасы негізінде

дайындайды. Студенттер жоғары мектепте әскери дайындықтан өтеді және жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Бакалавриатта келесідей мамандықтар бойынша сабақ жүргізіледі: құқық және экономика негіздері; экономика; менеджмент; есеп және аудит; қаржы; мемлекеттік және жергілікті басқару; маркетинг; логистика.

Жоғары мектепте ағылшын тілінде дәріс алатын академиялық топтар құрылады. Экономика және бизнес жоғары метебі жұмыс берушілермен тығыз байланыста және студенттердің келесі базалар негізінде өндірістік тәжірибеден өтуі қамтамасыз етіледі: Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу бойынша агенттік, ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Қаржылық бақылау комитеті, АТФ банкі, Центр Кредит банкі, ҚазТрансОйл, Еуразиялық банкі, Казкоммерцбанкі, Қазақстан тұрғын үй құрылыс банкі, БТА банкі, КазИнвестБанкі, Қазақстан Халық Банкі, Альянс Банкі, Delta Bank, Альфа Банкі, «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Сая» сақтандыру компаниясы, «Ақсай» ЖШС, «ТАТ» қаржы корпорациясы және т.б.

Педагогикалық қызмет пен ғылымға қабілеті бар талапты студенттер магистратураға, ал содан соң докторантураға түсуге мүмкіндік алады. Оқу мерзімі: ғылыми магистратурада – 2 жыл, профильді магистратурада – 1 жыл, ғылыми докторантура – 3 жыл. Магистратурада 9 мамандық бойынша сабақ жүргізіледі, ал Ph.D бағдарламасы бойынша докторантурада білім алу 5 мамандық бойынша жүргізіледі.

Жоғары мектептің Есеп және аудит кафедрасында CIPA (бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы тәуелсіз кәсіби бағалау, халықаралық мамандандыру) бағдарламасы бойынша сертификатталған бухгалтерлер дайындау Орталығы ұйымдастырылған. 11 мемлекеттің 30 кәсіби ұйымымен қабылданған сертификат дүниежүзіндегі барлық елде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Электронды биржалық сауданың оқу орталығы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу университетіне трансформациялау стратегиясына сәйкес құрылды. Орталықтың мақсаты студенттерді, магистранттарды және биржалық сауданың негізін үйренгісі келетіндердің барлығын оқытуға бағытталған, сондай-ақ оларда тиімді электрондық трейдингінің дағдысын дамытуға бағытталған тұрақты қызмет ететін оқу-тренингтік орталықты дамыту.

Экономика және бизнес жоғары мектебі студенттердің әлеуметтік жағдайына да үлкен көңіл бөледі. Оқу озаттарына, белсенді студенттерге атаулы шәкіртақы беріледі. Олар: ҚР Президентінің стипендиясы; ҚР Халық Банкінің стипендиясы; Чаянов атындағы стипендия; ҚР ҰҒА академигі К.А. Сағадиевтің 5 атаулы стипендиясы 10 жыл көлемінде; P0SCO-ның 2 стипендиясы; «Беккер Қазақстан» АҚ стипендиясы; – SHINHAH BANK Kazakhztan 5 стипендиясы; «Credit: Suisse» (Ұлыбритания) банкінің 5 стипендиясы; «Казахстанский инвестиционный фонд» АҚ-ның стипендиясы; «МұнайТас» АҚ-ның стипендиясы; жеке профессорлар мен кафедралардың демеуші стипендиялары.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде ғылыми зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зерттеу университетіне трансформациялану стратегиясына сәйкес құрылған Экономикалық зерттеу орталығы және кафедралармен жүзеге асырылады. Экономикалық зерттеу орталығы негізінде Биржалық сауданың оқу орталығы сәтті қызмет етуде, сонымен қатар студенттердің бизнес-жобаларын жүзеге асыру мақсатында Студенттік бизнес-инкубатор құрылған.

Студенттік бизнес-инкубатордың мақсаты – ғылыми зерттеу жобалары мен алдыңғы қатарлы бизнес идеяларды іріктеу, инкубациялау және мониторинг жүргізу, инновациялық жоба қызметіне қызығушылық танытатын талантты студенттер мен магистранттарды анықтайды және жобаларды іске

асыруға жәрдемдеседі. Яғни инкубатор студенттерге «set-up» құруға қажетті ресурстарды, соның ішінде жұмыс орны мен техникалық инфрақұрылымды қамтамасыз етуді ұсынады.

Сонымен қатар экономика және бизнес жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы Go Group (Ұлыбритания), Косалин технологиялық университеті (Польша), Милан политехникалық университеті (Италия), Молдова Ғылым Академиясы Университеті (Молдова) және М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен бірлескен TEMPUS-TACIS Еуропалық комиссиясының «Entrepreneurial University as a model for proper managerial interrelation among education, science and innovation development» халықаралық грантын ұтып алған.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша монографиялар, ғылыми мақалалар, оқулық пен оқу құралдары басылып шықты. Соңғы бес жылда (2008-2013 ж.) Экономика және бизнес жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамымен 10 монография, 3 сөздік, 1 энциклопедия, 8 оқулық, 54 оқу құралы мен 25 оқу-әдістемелік өңдеу жазылды, 752 мақала (оның ішінде 110 мақала шетелдік баспаларда) жарық көрді.

Экономика және бизнес жоғары мектебі Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңіндегі өзекті мәселелерін көтеретін ғылыми-теоретикалық және тәжірибелік конференцияларын үздіксіз ұйымдастырып, өткізіп отырады.

Білімнің халықаралық интеграциясы мен интернационализациялануы мақсатында студенттермен алмасу және қосарланған диплом алу бағдарламасы жүзеге асырылып келеді:

– магистратура бойынша ТМД Жүйелік университетімен (П. Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті; Новосибирск мемлекеттік университеті);

– бакалавриат бойынша Роберт Шуман атындағы университет («Страсбург менеджмент мектебі» бизнес-мектебі, Франция). Осы бағдарлама бойынша қатысуға ниет білдірген студенттер арасында іріктеу конкурсы ұйымдастырылып, үздік студенттер әрі карай Страсбург университетіне білім алуға ұсынылады. Екі жақты диплом бағдарламасымен Страсбург Бизнес-мектебін 2010-2013 оқу жылдары аралығында 6-дан аса студент бітіріп, «Еуропалық менеджмент» мамандығы бойынша диплом алды. Сонымен қатар экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері шетелдік (АҚШ, Жапония және т.б.) профессор, ғалымдардың дәрістерін тыңдауға мүмкіндіктері бар.

Жоғары мектептің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы мемлекеттік және жергілікті басқарушылар, менеджерлер, маркетологтар және логисттер сияқты әртүрлі салаларда қызмет ететін жоғары білімді мамандарды дайындайды. Нарықтық экономикасы алдыңғы қатарлы елдерде «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджер», «Маркетолог» және «Логист» мамандары – әлемдік және ішкі нарықтағы қатаң бәсекелестік жағдайларында табыс алу мақсатын көздейтін ірі және шағын бизнесті, мемлекеттік қызметті ұйымдастыру бойынша жоғары табысты кәсіп түрі. Кез келген кәсіп сияқты бұл мамандықтарда жастардан терең білімді, іс-тәжірибесі мен жоғары ұйымдастырушылық талантының болуын талап етеді. Дүиежүзілік менеджментте Фредерик Тейлор (АҚШ), Ли Якокка (АҚШ), Анри Файоль (Франция) сияқты тұлғалар белгілі.

«Менеджмент және маркетинг» кафедрасы 2011 жылы «Менеджмент және бизнес» пен «Маркетинг» кафедраларын біріктіру негізінде құрылды. Кафедраның мамандықтары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1995 жылдан бастап жұмыс жасап келеді.

«Менеджмент және маркетинг» кафедрасы ірі ғылыми, білім берушілік, рухани-тәрбиелік және инновациялық мүмкіндікке ие және жоғары дәрежелі мамандарды дайындауда осы жағдайларды пайдаланады. Кафедрада оқыту үздіксіз білім беру жүйесі арқылы жүзеге асыры-

лады: бакалавриат-магистратура – Ph.D 2009-2010 оқу жылынан бастап кафедра университет тарихында алғаш рет «Менеджмент» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) оқу бағдарламасын енгізді. «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы келесідей мамандықтар бойынша бакалаврларды дайындайды: «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Маркетинг» және «Логистика».

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының бітірушілері мемлекеттік және жергілікті басқару саласында «бакалавр» академиялық дәрежесін алады және байқау бойынша келесі қызметтерді иеленуге мүмкіндігі бар: Президент аппаратындагы мемлекеттік қызметкер, Премьер-министр канцеляриясында, барлық деңгейдегі министрлер мен әкімдердің аппараттарында; ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың әкімшілік бөлімдеріндегі мамандар мен басшылар.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының бітірушілері мемлекеттік басқарудың ғылыми негізін меңгерген бірден-бір мамандар ретінде Үкіметтегі мемлекеттік қызмет және барлық деңгейдегі әкімдіктер жүйесінде қызмет ету басымдықтарына ие бола алады. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының бітірушілері макроэкономикалық процестер мен мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру саласында өздерінің біліктіліктерімен ерекшеленеді. Ол жергілікті басқаруды ұйымдастыруда бірден-бір жоғары білімді мамандар болып табылады.

«Менеджмент» мамандығының бітірушілері «бакалавр» академиялық дәрежесі бойынша менеджер біліктілігін (4 жыл) алады және фирмаларда, корпорацияларда және трансұлттық компаниялардың жоспарлау-қаржылық бөлімдерінде қызметін жасауға құқығы бар. Менеджер – бұл өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын жоғарылатуды ынталандыратын, жүйе құратын ірі, орта, шағын және венчурлы бизнестің дамуына білікті бизнес-жоспар құратын және ұйымдастыра білетін маман.

«Маркетинг» мамандығының бітірушілері маркетолог біліктілігін және «бакалавр» академиялық дәрежесін (4 жыл) алады және ұлттық компаниялар мен корпорацияларда, фирмаларда маркетолог қызметін иеленуге құқығы бар. Маркетинг мамандары өндірістік, сауда, консалтингтік фирмаларда және маркетингтік агенттіктерде, сонымен қатар жоғары технология индустриясымен қамтылған компанияларда қызмет етеді. Коммерциялық емес ұйымдар мен ауруханалар, банктер, сақтандыру компаниялары, театрлар мен кинозалдар, үкіметтік емес және мемлекеттік мекемелер, қоғамдық және саяси ұйымдар секілді қызмет көрсету кәсіпорындарының маркетингке деген қызығушылығы маркетинг сферасындағы мүмкін бос орындардың тізімін ұлғайтады және жұмысқа орналасуға керемет мүмкіндіктер туғызады.

«Логистика» мамандығының бітірушілері «бакалавр» академиялық дәрежесі бойынша логист біліктілігін (4 жыл) алады және фирмаларда, ұлттық компаниялар мен корпорацияларда логист қызметін атқаруға құқығы бар. Бүгінде логистика адам қызметінің барлық саласын қамтиды десек те болады. Адам қандай да қызмет саласында жұмыс атқарғанда логистиканың ережелері мен қағидаларына сүйенеді. Логист – бұл тауарды жеткізуді оңтайландыру, бөлу, қоймалау, транспорттау және осы аталған кезеңдерде шығындарды минималдаумен байланысты мамандық. Бұл мамандар өнімді тасымалдау, дистрибьюторлық және әртүрлі салада өнім өндіруші компанияларда сұранысқа ие (құрылыс, медицина және т.б.). Қазіргі таңда логист мамандығы ең жоғары сұранысқа ие алдыңғы қатардағы мамандықтардың қатарында.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы

бакалавр мамандарына тәжірибелік білім беруде нақты тренингтерге, іскерлік ойындарға ерекше мән беріледі. Сондай-ақ кафедра студенттердің ғылыммен айналысуына ерекше көңіл бөледі. Кафедрада студенттердің ғылыми қоғамы



жұмыс істейді және онда оқытушылар әрбір студенттің ғылыми жұмысына жетекшілік етеді. Кафедра ұжымы «Зерттеу арқылы оқыту» қағидасын толық жүзеге асыру мақсатында ғылыми жұмыспен айналысатын студенттер санын арттыруға талпынады. Сонымен бірге кафедра студенттері «Заманауи басқару» және «Маркетингтік агенттіктер» сияқты ғылыми үйірмелерге қатысады.

Кафедра түлектері мемлекетті басқару органдарында, танымал компанияларда, кәсіпорындарда, банктерде, министрлікте, әкімдіктерде қызмет атқарады. Көптеген түлектер Қазақстанның және шетелдің ЖОО-ларында жұмыс істейді.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы 17 қаңтар 2014 жылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында аталған міндеттерді басшылыққа алған экономика және бизнес жоғары мектебі оның ішіндегі «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы ұжымы алдағы уақытта да егеменді еліміздің жарқын болашағы кәсіптік маман дайындауда оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізе береді.

Ал 80 жыл тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұстаздары мен бітірген білікті және білімді мамандары алда талай табыстарға жетеді, болашақта олардың орнының басушы ұрпақтар одан әрі жалғасуы тиіс.

**Д.У. БАЙТУКАЕВА,**
преподаватель кафедры международного права,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби

# СОТРУДНИЧЕСТВО ВУЗОВ И ШКОЛ – ПЛАТФОРМА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ КАЧЕСТВЕННОГО КОНТИНГЕНТА БУДУЩИХ СТУДЕНТОВ

Одной из стратегических задач вузов Республики Казахстан является качественный набор студентов, который не может осуществляться без правильно организованной профориентационной работы.

Качественному набору будущих студентов Казахского национального университета им. аль-Фараби предшествует кропотливая профориентационная работа преподавателей каждой кафедры. Какую работу проводим мы, преподаватели вузов, в школах? Учитывая опыт проведения профориентационной работы преподавателей кафедры международного права, можно назвать наиболее эффективные из них: организация встречи ведущих профессоров, доцентов кафедры со школьниками, проведение анкетирования школьников с целью выявления ориентации на конкретную специальность, определение мотивации выбора специальности, приглашение школьников на «День открытых дверей», организованной кафедрой, факультетом международных отношений. В дальнейшем школьники, выбравшие специальность «Международное право» могут посещать кафедру, факультет, имеют право посещать лекции профессоров, научные семинары и круглые столы. Во время профориентационной работы преподаватели кафедры знакомят школьников с основами вузовского процесса, консультируют по выбранной специальности.

Нашей задачей – задачей педагогов является, с одной стороны, за время встреч со школьниками стараться закрепить и развить наметившийся профессиональный интерес, с другой стороны, проводить специальную, целенаправленную работу по формированию у школьников реалистических представлений о выбранной специальности, о будущей трудовой деятельности после вуза, ее разнообразии, об увлекательности и важности труда.

Немного о деятельности кафедры международного права. Кафедра международного права была образована в 1990 г. в составе юридического факультета и является первой в истории Казахстана специализированной кафедрой по подготовке специалистов в области международного права. Она является основным научным центром Казахстана по подготовке

кадров высшей квалификации в сфере международного права. Данная специальность направлена на изучение основных институтов современного международного права, регулирующего международно-правовые отношения государств и международных организаций, иностранных компаний, таможенных и иных юридических органов, осуществляющих внешнеэкономическую и внешнеторговую деятельность. Кафедра международного права имеет тесные научные связи с университетами зарубежных стран, международными организациями и фондами. Школьники, поступив на специальность международное право, могут продолжить учебу в магистратуре и докторантуре по этой специальности, программы которых включают зарубежные стажировки. Период зарубежной стажировки охватывает изучение литературы по специальности, участие в конференциях международного уровня, посещение лекций и консультаций зарубежных ученых, публикация научных статей.

Где могут работать выпускники специальности международное право? Высокая квалификация и хорошее знание иностранных языков способствует успешному устройству выпускников. Многие продолжают дальнейшее обучение в известных зарубежных вузах США, Европы, Азии, в том числе по программе «Болашак», а также наши выпускники работают в МИД РК, в Министерстве юстиции, в Министерстве обороны и в Комитете национальной безопасности РК, в Совете безопасности, в Интерполе, в международных организациях, в различных государственных учреждениях, частных и совместных предпринимательских структурах и других ведомствах.

Ежегодно преподаватели кафедры охватывают профориентационной работой значительное число школ города Алматы, а также выезжают в командировки в районные центры и другие города. Преподаватели кафедры предоставляют школьникам достаточно насыщенную информацию об учебном процессе факультета, рассказывают о деятельности кафедры, факультета, университета и о научных достижениях ученых. В целом, большинство школьников выбирают специальность международное право сознательно и, следовательно, в дальнейшем имеют более высокий уровень успеваемости, проявляют интерес к науке.

На современном этапе развития нашего общества необходимо развивать у школьников компетенции, которые бы помогли им найти свое место в жизни, правильно выбрать будущую профессию, развивать те способности, которые будут необходимы им для будущей карьеры. Компетентностный подход предполагает четкую ориентацию на будущее, которая проявляется в возможности построения своего образования с учетом успешности в будущей профессиональной деятельности. Профориентационная работа преподавателей вузов способствует достижению этих целей.

# БОЛАШАҒЫҢДЫ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ, САЯСАТТАНУДЫ ТАҢДА!

*Бұл дүниеде үлкен жетістікке жеткен адамдарың айтуы бойынша, өмірде саясаттан өткен қызықты ойын жоқ екен. Осы ойынды бақылағыңыз келе ме? Немесе сол ойынның қатысушысы болғыңыз келе ме? Онда саясаттану мамандығын таңдаңыз.*



**Г.Ө. НАСИМОВА**
саясаттану кафедрасының меңгерушісі

Саясаттану (грек тілінен аударғанда politike – мемлекетті шебер басқару өнері және logos – сөз, ой, оқу) – қоғамның саяси өмірін, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын зерттейтін ғылым.  Саясаттанушы саясатқа қатысты қоғамның барлық салаларын зерттейтін маман. Олар: саяси жүйелер, мемлекеттік құрылыс, билік және т.б. Сондықтан саясаттанушы – саясатқа қатысты мәселелерді, процестерді қоғам азаматтарына түсіндіретін, талдайтын және болжайтын, саясат бойынша эксперт маман. Саясаттану – үлкен саясатты түсіндіретін және оның қыр-сырларын зерттейтін мамандық.

Еуропа елдерінде саясаттанушыларды саяси күрестің төрешісі ретінде есептейді, яғни бокстағы рефери секілді, өйткені онсыз раунд ешбір басталмайды. Біздің елде саясаттану мамандығы енді кең тарай бастады. Саясаттануды әмбебап ғылым деп атауға болады. Саясаттанушыларды дайындау оқу бағдарламасы төмендегі пәндерді оқытады: саясат теориясы, әлемдік саясат және халықаралық қатынас, геосаясат, саяси жүйелер мен тәртіптер, саяси психология, саяси конфликтология, саяси технологиялар, саяси менеджмент, мемлекеттік басқару, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес технологиялары және т.б. Оқыту түрлері әр алуан: дәрістер, семинарлар, тренингтер, шеберлік курстары, іскерлік және рөлдік ойындар, дебат, жобамен жұмыс, ғылыми-тәжірибелік конференциялар және т.б. Сондықтан біздің студенттердің айтуы бойынша саясаттану мамандығында оқу қызықты әрі көңілді.

Аналитикалық ойлау қабілеті бар, болжаулар мен гипотеза жасауды ұнататын адамдар, қазіргі таңда құнды мамандардың бірі болып табылады. Сондай мамандықтың бірі

– саясаттану. Аталған мамандар ғылыми зерттеу институттарында (Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты, ҚР Бірінші Президенті Фонды жанындағы әлемдік экономика мен саясат институты, ҚР ҒА философия және саясаттану, мемлекет және құқық институты) және тәуелсіз аналитикалық орталықтарда ("Стратегия", "Альтернатива", тәуекелділікті бағалау институты және т.б.) қызмет атқара алады. Бұл ұйымдар саяси мәселелерді зерттейді және саяси болжаумен айналысады. Сонымен қатар олар саясаттың өзекті мәселелері бойынша семинарлар, симпозиумдар және конференциялар ұйымдастырады. Кәсіби саясаттанушының білімі мен шеберлігі БАҚ пен ақпараттық агенстваларда (Қазақпарат, Kazakhstan today, Интерфакс, ҚазТАГ және т.с.с.), саяси партиялар, Үкіметтік емес ұйымдарда (ҮЕҰ) және қоғамдық қозғалыстарда өте жоғары бағаланады. Белсенді өмірлік бағыты мен ұйымдастырушылық қасиеті бар студенттер өздерінің білімдерін мемлекеттік қызметте, президент аппаратында, министрліктерде, парламентте, әкімдіктерде және орталық сайлау комиссияларында жүзеге асыра алады. Сонымен қатар саясаттанушылар аналитик маман ретінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Ішкі істер министрлігінде үлкен сұранысқа ие.

Саясаттанушы саяси оқиғаларға тікелей қатысып және оларды ұйымдастырғысы келсе, онда саяси технолог рөлі толықтай келеді.

Саясаттанушы технолог (Саяси технолог) – тәжірибелі стратег және саяси биржа ойынындағы тәуекелшіл ойыншы. Қалыптасқан жағдайларға байланысты ол әртүрлі қызметтер атқара алады, дегенмен, мақсат бір: (нақты саясаткердің немесе саяси партияның) жағымды жақтарын көрсету және сайлауларда, билік құрылымдарында өсуде, оның саяси рейтингісін көтеруде өз шеберлігін көрсету. Саяси технолог командамен жұмыс істейді. Оның командасында имиджмейкерлер, спичрайтерлер, жарнамашылар және т.б. болады. Егер қоғамда маңызды оқиғалар болмаса (сайлау, референдум секілді), саяси технолог саяси лидердің немесе партияның күнделікті өмірін ұйымдастырады. PR акциялар, семинарлар және конференцияларды өткізеді.



**Ә.С. БАЛАПАНОВА,**
саясаттану кафедрасының профессоры

Саясаттанушы аналитик (Саяси аналитик) – саясаттың өзекті мәселелеріне аналитикалық талдау жасайды және баға береді. БАҚ және ғылыми журналдарда аналитикалық мақалалар жазады. Саясаттанушы аналитик мемлекеттік және жеке корпорацияларда, билік органдары мен БАҚ, партиялар мен қоғамдық қозғалыстарда және тәуелсіз аналитикалық орталықтарда, PR агенствалар мен консалтингтік фирмаларда қызмет атқарады.

Саясаттанушы-менеджер (Саяси менеджер) саяси аналитиктердің жұмысын ұйымдастырады. Тапсырыс іздейді, қабылдайды немесе жоғарғы звенодағы жетекшілердің тапсырмаларын қабылдайды, мамандарды қалыптастырады, оларға міндеттер қойып, олардың аналитикалық өнімдерін бақылайды.

Саясаттанушы консультант (Саяси кеңесші (консультан) саясаткерлермен, топ-менеджерлермен, мемлекет құрылымдарының, корпорациялардың, банктердің, БАҚ және PR бөлімдерінің жетекшілерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Сонымен қатар ньюсмейкер, имиджмейкер, спичрайтер, пресс-хатшы, кеңесші, көмекші, жұмыс топтарының жетекшісі болып қызмет атқарады.



**А.А. КЕҢЕСОВ,**
саясаттану кафедрасының доцент міндетін атқарушы

Саясаттанушы ғалым фундаментальды ғылыми мәселелерді зерттеумен айналысады. Ол – тәуелсіз ғалым. Саясаттанушы ғалымның негізгі шығармашылық өнімдеріне ғылыми мақалалар мен кітаптарды (монографиялар, оқу құралдары, оқулықтар және т.б.) жатқызуға болады. Саясаттанушы ғалымдар ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарда, ғылыми лабораториялар мен университеттерде қызмет атқарады.

Саясаттанушы қандай қаситтерге ие болу керек?

Саяаттанушылар – ерекше халықтың бірі. Олар көп оқиды және өз ойын тиянақты әрі түсінікті жеткізе алады. Саясаттанушы студенттер болашақты өзгертуге болатындығына және олардың бұл миссияны орындауда мүмкіндігінің жоғары екендігіне күмән тудырмайды және осы мақсатқа жетуде өздерін жауапты тұлға екендігіне толықтай сенеді.

Сонымен, жоғары дәрежедегі маман болудың, басты жолы – кәсіби білім алу. Ондай кәсіби білімді, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жиырма жылдан астам уақыт бойы саясаттанушы мамандарды дайындап, саясаттанушылардың қара шаңырағына айналған саясаттану кафедрасы бере алады.

# «ВОПРОС-ОТВЕТ»

**Альжапарова Асем Толегеновна**
Восточно-Казахстанская область, школа №42

**1. Какие сроки подачи заявления для поступления в бакалавриат?**

♦ Подача заявлений на участие в комплексном тестировании абитуриента (КТА) осуществляется в период с 20 июня по 9 июля 2014 г.;
♦ Прием заявлений на творческие специальности проводится приемными комиссиями вузов с 20 июня по 1 июля 2014 г.;
♦ Прием заявлений от граждан на обучение на платной основе проводится с 20 июня по 9 августа 2014 г.
♦ Прием заявлений от граждан, имеющих техническое и профессиональное, послесреднее образование, на родственные специальности в сокращенные сроки на платной основе осуществляется с 23 июля по 9 августа 2014 г.;
♦ Прием заявлений от граждан, имеющих высшее профессиональное (высшее) образование, на обучение в сокращенные сроки на платной основе осуществляется с 20 июня по 9 августа 2014 г.;
♦ Прием заявлений на конкурс по присуждению образовательного гранта проводится с 23 июня по 31 июля 2014 г.

**2. Сроки экзаменов КТА и собеседований:**

Экзамены КТА сдаются с 17 по 23 июля 2014 г.;

Творческие экзамены сдаются со 2 по 7 июля 2014г. в приемных комиссиях избранных ими вузов;

Собеседования для иностранных граждан и лиц, поступающих на второе высшее, проводится с 28 июня по 9 августа 2014 г.

**3. Конкурс по присуждению образовательных грантов:**

♦ Сроки проведения конкурса с 1 по 10 августа 2014 г.;
♦ Для участия в конкурсе необходимо набрать не менее 70 баллов, в том числе, не менее 7 баллов по профильному предмету (не менее 10 по каждому творческому экзамену), а по остальным предметам КТА – не менее 4 баллов;
♦ В конкурсе на получение образовательного гранта учитываются баллы только по казахскому или русскому языку (язык обучения), истории Казахстана, математике и предмету по выбору. Для абитуриентов избравших специальности, требующие специальной или творческой подготовки предмет по выбору – произвольный.

**Ермурат Ерултан,**
Кызылординская область, шк. №116

## НЕОБХОДИМЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЛЯ ЗАЧИСЛЕНИЯ В УНИВЕРСИТЕТ?

◘ аттестат или диплом об окончании начального профессионального (технического и профессионального) или среднего профессионального (послесреднего) учебного заведения (подлинник);
◘ шесть фотокарточек размером 3 х 4;
◘ медицинскую справку формы 086-У;
◘ сертификат ЕНТ или комплексного тестирования;
◘ свидетельство о присуждении образовательного гранта (при наличии);
◘ копию удостоверения личности.



На экзамене профессор бьется над студентом битый час, пытаясь вытянуть его на тройку. Тот героически молчит.

Препод устало: – ладно, скажи о чем были лекции?

Молчание.

– Хорошо, тогда ответь, кто их читал?

Опять молчание.

– Последний вопрос: ты или я?

*******

Встречаются два студента с общаги.

– Вот вчера купил книгу кулинарных рецептов. Только ничего приготовить не могу. Ни одного толкового рецепта.

– Почему?

– Понимаешь, каждый рецепт начинается словами: "ВОЗЬМИТЕ ЧИСТУЮ КАСТРЮЛЮ..."

*******

В троллейбусе пожилая женщина пытается уступить место очень худому молодому человеку:

– Присаживайся бедненький, ты что же худой то такой? Болеешь что ли?

– Нет, спасибо. Студент я.

– Ну давай хоть плащ твой подержу!

– Это не плащ, это мой друг Коля!

*******

Новый супер-герой – Человек-студент. Он успевает совершить столько подвигов за декабрь, сколько должен был сделать за сентябрь, октябрь и ноябрь!


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ